

«IRS – Мұра» журналы – диалог пен мен достық көпірі

Муса МАРЖАНЛЫ,
Бас редактор

Әзербайжан – ежелгі бай мәдениеттер өлкесі. Бұл жердегі алғашқы мемлекеттік құрылымдар – Манна, Мидия, Атропатенаның біздің эрамыздан едәуір ерте пайда болғанын, ал Кавказ Албаниясының ортағасырлық Кавказ мемлекеттілігінің маңызды кезеңі екендігін еске салып өтудің өзі жеткілікті.

Әзербайжанның өркениет орталықтарының бірі екендігін Қарабахтағы Азых үңгір тұрағындағы әлемге әйгілі археологиялық кешен дәлелдейді. Бұл жерде біздің эрамызға дейінгі алғашқы мыңжылдықта зороастризмнің ең ежелгі мұрасы «Авеста» жазылған болатын. Біраз заманнан кейін әйгілі «Қорқыт ата кітабы» мен «Көрұғлы» пайда болды. Баку маңындағы Гобустан мен Нахчывандағы Гәми–Гай шатқалында Әзербайжан сурет өнерінің ең ежелгі туындылары болып табылатын алғашқы адамдар салған жартастар суреттерінің мыңдаған жылдық тарихы бар. Мешіт, кесене, зәулім сарай мен тұрғын үйлердің қабырғаларында сақталып қалған ою–нақыштар әзербайжан ұлтының мақтанышы болумен қатар бірнеше ғасыр бойы дүниежүзілік қоғамның назарын өзіне аударуда. Нахчывандағы Момине хатун кесенесі, Шекі хандарының сарайы, Бакудегі Ширваншахтар сарайы соны үлгілер қатарында орын алуда. XVI ғасырда өз дәуірінің аса ірі мәдени орталығы болған Тебризде миниатюра өнерінің хас шеберлері – Камаледдин Бехзад, Сұлтан Мухаммед, Мир Сеид Али және тағы да басқалары өмір сүріп, өз туындыларын өмірге әкелген. Бұл шығармалардың барлығы дерлік Шығыстың көптеген мемлекетіндегі миниатюра өнері мен кітап графикасына өзіндік әсерін тигізді.

Әзербайжанда әр түрлі уақытта өнердің өзге де түрлері самғау кезеңінен өтті. Әзербайжанда орта ғасырларда кілем тоқу, тас пен темірден түрлі бұйымдар жасау, зергерлік өнері жоғары деңгейде дамыды. Қазіргі таңда әлемнің танымал мұражайларынан әзербайжандық шеберлердің қолынан шыққан ең үздік шығармашылық ой үлгілерін табуға болады.

Әзербайжандық ғалым, жазушы, суретші мен музыканттар өз отанын лайықты атақ пен даңққа бөледі. Низами, Хагани, Физули, Насими, Хатаи, Натаван, Сабир, Жалил Мамедгулузаде, Гусейн Жавид, Юсиф Мамедалиев, Зия Буньятов, Узеир Гажибеков, Кара Караев, Саттар Бахлулзаде, Бұлбұл, Рашид Бейбутов және тағы басқалары әлемдік мәдениет пен ғылымның игілігіне айналды.

Әзербайжан туралы тоқтаусыз айта беруге болады. Бүгінгі таңда «IRS» журналы бауырлас қазақстандық оқырмандардың назарына әзербайжан халқының тарихы, мәдениеті мен өмірі туралы таңдамалы материалдардың жинағы болып табылатын осы дайджестті ұсынып отыр. Болашақта Сіздерді журналдың жаңа сандарындағы жаңа ашылымдар күтеді.

Әзербайжанды «IRS – Мұрамен» бірге танып біліңіз!